

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 маусымдағы № 4-35-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 шілдеде № 3781 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 54-339-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 03.03.2020 № 54-339-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Шардара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*Аудандық мәслихат*  
*хатшысы*

*И.Әділхан*  
*Б.Муталиев*

Бұл шешім Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет департаментінде нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2016 жылғы 15 шілдедегі №3781 нөмірімен тіркелген.

Шардара аудандық  
мәслихатының 2016 жылғы  
22 маусымдағы № 4-35-VI  
шешімімен бекітілген

## **Шардара ауданының әлеуметтік көмеккөрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы**

1. Осы Шардара ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Әлеуметтік көмек Шардара ауданының аумағында тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетіледі.

### **1. Жалпы ережелер**

3. Осы қағидада қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Шардара ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен а қ ш а л а й к і р і с ;

5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік м е р е к е кү н д е р і ;

6) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы –

отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

7) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

8) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

9) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын аудандағы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;

10) учаскелік комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

12) шартты ақшалай көмек (бұдан әрі - ШАК) - отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт талаптары бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен жеке тұлғаларға немесе отбасыларға мемлекет беретін ақшалай нысандағы төлем;

13) отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі-жеке жоспар) - уәкілетті орган өтініш берушімен бірлесіп әзірлеген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралар кешені;

14) отбасы мүшелерін (адамды) әлеуметтік бейімдеу олардың жеке мұқтажына байланысты "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен қарастырылған әлеуметтік қолдаудың өзге де шараларын көздейді;

15) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты - ШАК тағайындау үшін отбасы атынан әрекет ететін еңбекке қабілетті жеке тұлға мен уәкілетті орган арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін а й қ ы н д а й т ы н к е л і с і м ;

16) отбасының жиынтық табысы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 28 тамызда № 5757 болып тіркелген) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу ережесіне сәйкес есептелетін, шартты ақшалай көмек тағайындауға жүгінген айдың алдындағы 3 айда ақшалай, сол сияқты заттай нысанда алынған табыстың жалпы с о м а с ы ;

17) әлеуметтік келісімшарт - жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының жұмыссыз, өз бетінше жұмыспен айналысатын және табысы аз азаматтары қатарындағы жеке тұлға мен

халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім.

4. Осы қағиданың мақсаты үшін әлеуметтік көмек ретінде Шардара ауданы әкімдігінің мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидада көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек мынадай мереке күндеріне ұсынылады:

1) 8 Наурыз "Халықаралық әйелдер күніне"- көпбалалы аналарға, оның ішінде :

"Алтын алқамен", "Күміс алқамен" марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған, біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) 21-23 наурыз "Наурыз мейрамы" - қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, атап айтқанда :

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың, ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

3) 7 мамыр "Отан қорғаушы күніне" орай: жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, біржолғы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға, біржолғы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға, біржолғы 10 айлық есептік

к ө р с е т к і ш

м ө л ш е р і н д е ;

4) 9 мамыр "Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне":

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, біржолғы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қорғанысына қатысқан қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСРОдағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарына, немесе сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда болған адамдарына, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және теңізші балалар ретінде болғандарға, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдарға, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қатынас жолдары Халық комиссариаты, Байланыс Халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері , флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері

мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латвия ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдарға, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, біржолғы 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызметтік міндеттерін) атқару кезінде жаралану, контузия алу немесе зақымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5, 6, 7 және 8 баптарында көрсетілген адамдардың отбасыларына, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасыларына, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасыларына, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылдың 22 маусымы мен 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталмаған адамдарға, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) 6 шілде "Астана күніне" орай – Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлері,

зейнеткерлер, аудан мектептеріндегі жетім және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан үздік оқушыларды Астана қаласына саяхатқа, бір адамға 25 айлық есептік көрсеткіш көлемінен аспайтын мөлшерде;

6) 1 желтоқсан "Тұңғыш Президент күніне" орай - үйде тәрбиеленетін және оқытылатын, әлеуметтік қызмет көрсетілетін мүгедек балаларға, біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) 16 желтоқсан "Тәуелсіздік күні" мерекесіне – Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларына, мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалары бар отбасыларға, жалғыздікті қарттарға Ұлттық телехабар тарату қызметіне қосылуын қамтамасыз ету мақсатында біржолғы әлеуметтік көмек ретінде 13,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, 80 жастан асқан қарттарға, мүгедектерге, жалғыздікті зейнеткерлерге, біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

8) Шардара ауданында тұрақты тұратын қатты отын алу үшін жылына бір рет жалғыздікті қарттарға, жүріп-тұруы қиын 1 топтағы мүгедектеріне, үйде тәрбиеленетін және оқытылатын, әлеуметтік қызмет көрсетілетін мүгедек балаларға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 17.03.2017 № 13-93-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.03.2018 № 25-172-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 06.03.2019 № 38-249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

8. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

9. Әлеуметтік көмек мынадай санаттағы азаматтарға ұсынылады:

1) 80 жастан асқан жалғыздікті қарт адамдарға, жол жүрумен байланысты шығындарын өтеуге ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2) жұқтырған иммундық тапшылықтың синдромы балаларында бар отбасыларына (кәмелетке толған соң індет жұқтырған азаматтарға) ай сайын 21,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға, ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) әлеуметтік такси қызметін ұсынуға - Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен

мүгедектеріне, жүріп тұруы қиын мүгедек балаларға, бірінші, екінші топтағы мүгедектерге емдеу мекемелеріне және қоғамдық орындарға тасымалдау үшін, ай сайын 9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне, жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектерге өмір сүру сапасын жақсартуға әлеуметтік көмек, біржолғы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) басылымдарға жазылу үшін - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға, зейнеткерлерге және мүгедектерге санаторий-курорттық емделуге жолдама алу үшін, біржолғы 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне, ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен алпыс пайыздан аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысы бар аз қамтамасыз етілген отбасыларына, жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектерге, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның тұрғын үйіне зиян келтіруіне байланысты, біржолғы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) жеке оңалту бағдарламасы бойынша мүгедектерге қол арбамен қамтамасыз е т у г е :

серуендеуге арналған қоларбаға біржолғы 55,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бөлмеге арналған қоларбаға біржолғы 24,7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, мүгедек балаларға арналған қоларбаға біржолғы 24,7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, балалардың церебралды салдары ауруы бар мүгедек балаларға арналған қоларбаға біржолғы 55,6 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ;

10) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен алпыс пайыздан аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысы бар аз қамтамасыз етілген отбасыларына, жұмысқа қабілетсіз аз қамтамасыз етілген мүгедектерге, біржолғы 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

11) отбасының жан басына шаққандағы орташа айлық табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға ірі қара мал алуға, біржолғы 92 айлық есептік к ө р с е т к і ш м ө л ш е р і н д е ;

12) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдарға, ай сайын 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

13) бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған ) әскери қызметшілердің отбасына, біржолғы 2500 айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е .

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған



кезде азаматтар бір ай мерзім ішінде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру қажет.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста алпыс пайызынан аспайтын табыстың болуы.

Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесін аудандық мәслихат бекітеді.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

14) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа да себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері) біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 17.03.2017 № 13-93-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 06.03.2019 № 38-249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м д е р і м е н .**

10. Аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында, ұлттық валюта курсының төмендеуі орын алған айдан бастап үш ай мерзімге отбасына ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету. Әлеуметтік көмек өтініш берген айдан бастап үш айға тағайындалады және ай сайын төленеді.

11. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келісімі бойынша бірынғай мөлшерде белгіленеді.

12. Отбасының әрбір мүшесіне (адамға) арналған ШАК мөлшері отбасының (адамның) жан басына шаққандағы табысы мен облыста белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

13. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін





35. Алынып тасталды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 06.03.2019 № 38-249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

36. Алынып тасталды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 06.03.2019 № 38-249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

#### 4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

37. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда;
- 5) әлеуметтік келісімшарттың және отбасының белсенділігін арттырудың келісімшартында көрсетілген міндеттемелерін бұзылуы және (немесе) орындалмауы жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

38. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

#### 5. Қорытынды ереже

39. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" және "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек  
көрсетудің,оның мөлшерлерін  
белгілеудің және мұқтаж  
азаматтардың жекелеген  
санаттарының тізбесін  
Айқындаудың үлгілік  
қағидаларына 1-қосымша  
Нысан

Отбасыны тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

**Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер**

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.)(үйінің мекенжайы, телефоны)

Р/с №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Отбасы құрамы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті органның лауазымды адамының Т.А.Ә \_\_\_\_\_

Әлеуметтік көмек көрсетудің,  
оның мөлшерлерін белгілеудің  
және мұқтаж азаматтардың  
жекелеген санаттарының  
тізбесін айқындаудың үлгілік  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### ШАК тағайындау үшін әңгімелесу парағы

Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартты ақшалай көмек алуға жүгінген күн \_\_\_\_\_

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) сипаттамасы: \_\_\_\_\_

Отбасының жұмыс істемейтін ересек мүшелерінің еңбек қызметі (жұмыс орны, лауазымы, жұмыстан шығу себептері):

Отбасы мүшелері	Кәсібі	Соңғы жұмыс орны, жұмыстан шығу себептері	Жалпы жұмыс өтілі	Соңғы жұмыс орнындағы жұмыс өтілі	Еңбек дағдылары мен шеберлігі	Жұмыссыздық кезеңінің ұзақтығы
Өтініш беруші						
Зайыбы (жұбайы)						
Басқа ересектер						

Еңбек қызметінің мүмкіндіктері (пікір):

Өтініш беруші: \_\_\_\_\_

Зайыбы

(жұбайы): \_\_\_\_\_

Отбасының басқа да ересек мүшелері: \_\_\_\_\_

Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас \_\_\_\_\_

—

Отбасындағы қиындықтар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Отбасының мүмкіндіктері (әлеуеті) – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының бағасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Проблемалар, алаңдаушылық (бүгінгі күннің қиындықтары), не кедергі келтіреді \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) қалауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Басқа \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тараптардың қолы

Жұмыспен қамту және әлеуметтік Қатысушы(лар)  
бағдарламалар бөлімі

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (күні) \_\_\_\_\_ (күні)

Әлеуметтік көмек көрсетудің,  
оның мөлшерлерін белгілеудің  
және мұқтаж азаматтардың  
жекелеген санаттарының  
тізбесін айқындаудың үлгілік  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтажығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ**

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

( е л д і \_\_\_\_\_ м е к е н )

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

2. Тұратын мекенжайы \_\_\_\_\_

3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қиын жағдай \_\_\_\_\_

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) \_\_\_\_\_ адам, оның ішінде:

Р/с №	Т.А.Ә	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_ адам.

Балалардың саны: \_\_\_\_\_

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_ адам, оқу құны жылына \_\_\_\_\_ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек) \_\_\_\_\_

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, \_\_\_\_\_

қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше - көрсету керек):

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Отбасының табысы:**

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айына	

6. Мыналардың: автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі \_\_\_\_\_

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы \_\_\_\_\_

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын \_\_\_\_\_ өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің,  
оның мөлшерлерін белгілеудің  
және мұқтаж азаматтардың  
жекелеген санаттарының  
тізбесін айқындаудың үлгілік  
қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

### Учаскелік комиссияның 20\_\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қорытындысы

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)  
адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты

Әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

( қ о л д а р ы )

( Т . А . Ә . )

Қ о р ы т ы н д ы

қоса берілген құжаттармен \_\_\_\_\_ данада

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_

Әлеуметтік көмек көрсетудің,  
оның мөлшерлерін белгілеудің  
және мұқтаж азаматтардың  
жекелеген санаттарының  
тізбесін айқындаудың үлгілік  
қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

### **ШАК тағайындау бойынша отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын тіркеу журналы**

Р/с №	Тіркеу нөмірі	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Мекенжайы	Сомасы	Өтініш берушінің қолы	Ескертпе